

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы  
**«ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ -  
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**  
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының  
**ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**II БӨЛІМ**

25 мамыр 2016 жыл

**СБОРНИК ТРУДОВ**

международной научной конференции молодых ученых  
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО  
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**  
под эгидой IX Астанинского экономического форума

**ЧАСТЬ II**

25 мая 2016 г.

**PROCEEDINGS**

of the international scientific conference of young scholars  
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC  
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**  
in the framework of the IX<sup>th</sup> Astana Economic Forum

**PART II**

25 may 2016

Астана, Қазақстан  
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)  
ББК 65.9(5Қаз)-551я431  
Ж 28

**Редакционная коллегия:**

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,  
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.  
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.  
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.  
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.  
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н., доцент Алибекова Б.А.  
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.  
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н.,  
доцент Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

**Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері:** Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф. еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

**Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации:** Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)  
ББК 65.9(5Қаз)- 551я431

ISBN 978-9965-31-762-0

## СЕКЦИЯ IV. ҮШІНШІ ИНДУСТРИАЛДЫҚ РЕВОЛЮЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІ

### СЕКЦИЯ IV. ЭКОНОМИЧЕСКИЙ РОСТ КАЗАХСТАНА В УСЛОВИЯХ ТРЕТЬЕЙ ИНДУСТРИАЛЬНОЙ РЕВОЛЮЦИИ

#### SESSION IV. ECONOMIC GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF A THIRD INDUSTRIAL REVOLUTION


### ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ БӘСЕКЕ ҚАБІЛЕТТІГІ: ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ПЕРСПЕКТИВАСЫ

*Исаева Б.К., Сержан Б.*

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті,  
Астана қ., Қазақстан Республикасы  
E-mail: b.isayeva\_78@mail.ru, balgyns91@mail.ru

Бәсеке қабілеттілік кез-келген елдің экономикасының дамуының ерекше маңызды факторы және шаруашылық кешенінің ең жақсы экономикалық көрсеткіші болып табылады.

Қазақстан экономикасының бәсекеқабілеттігі экономиканың жаһандану жағынан қарау өте маңызды, өйткені басқа мемлекеттермен салыстырмалы түрде анық көрсетуге болады. Шанхай ынтымақтастық ұйым аясында атап көрсететін болсақ, Шанхай ынтымақтастық ұйымының дамуымен байланысты экономикалық ынтымақтастық мазмұны егжей-тегжейлі, нақтылы түрде болып келе жатыр [1]. Осы орайда төмендегі 1-суреттен Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) мүше елдердің нақты ЖІӨ өсу қарқынын көруге болады. (GDP 2006-2014 жж.).




Сурет 1. ШЫҰ мүше елдердің нақты ЖІӨ өсу қарқыны

ШЫҰ мүше елдердің нақты ЖІӨ өсу қарқынынан Қазақстанның ЖІӨ жағдайын көруге болады, ҚР-сы 2006, 2007, 2014 жылдары екінші орында тұрған, ал 2008-жылы әлемдік экономикалық дағдарысқа байланысты ЖІӨ өсуі төмендеген.

Мемлекеттің бәсекеқабілеттілігін инфляция деңгейінен де анықтап көруге болады. Инфляция - бұл бағаның өсуінен, тауарлар тапшылығынан және тауарлар мен қызметтер сапасының төмендеуінен туындайтын ақшаның құнсыздануы, сондай-ақ оның сатып алу қабілетінің төмендеуі. Инфляция болған мемлекетте өз өнімдерінің бағасы көтеріліп, басқа


елдерге экспорт тауарларының да бағасы көтерілуі арқылы экспорт азайып, халықаралық нарықта бәсекелестігі төмендейді және ақша құнсызданып басқа елдің арзан тауарын алуға мәжбүр болып импорт көбейіп халықаралық төлем балансы нашарлайды. Сондықтан инфляция бір елдің бәсекелік қабілетін зерттеуде өте маңызды көрсеткіш болып табылады. Сонымен, ШЫҰ мүше елдердің тұтыну бағаларының инфляциясы 2006-2014 жж. өзгерісін 2-суреттен көруге болады.



Сурет 2. ШЫҰ мүше елдердің тұтыну бағаларының инфляцияның өсу қарқыны (2006-2014 жж.)

Жоғарыдағы суретте, ең бәсекеге қабілетті ел – Қытай болып табылады. Ал, Қазақстан тұтыну бағаларының инфляциясы 2008 жылы әлемдік экономикалық дағдарысқа қарай көтерілген, экономиканың қайта көтерілуіне байланысты 2009 жылдан бастап төмендеген. Қазақстан Республикасының бәсекеге қабілеттілігі орташа деңгейде болғанын көрсетеді.

Елдің, яғни Қазақстан Республикасының бәсекеге қабілеттілігін басқа елдермен жүзеге асқан сыртқы сауда қызметтерінен байқауға болады. Алғашқы мемлекеттер арасында халықаралық экономикалық қатынастардың ең байырғы түрі - сыртқы сауда қатынастары орнай бастады. Дамыған елдер жаппай өнім өндіре бастаған индустриялық кезеңде сыртқы сауданың маңызы күрт артты. Қазіргі заманда кез келген ел экономикасының ажырамас бөлігіне айналған сыртқы экономикалық байланыстардың құрылымы күрделеніп, аясы кеңейе түсті. Соған қарамастан, сыртқы сауда халықаралық экономикалық байланыстардың негізгі түрі болып табылады және бәсекеге қабілеттіліктің көрсеткіші екенін атып айтуға болады. Мұнда сыртқы сауда айналымы - елдің белгілі бір кезеңдегі экспорты мен импорты құнының сомасы. Тауарлардың сыртқа шығарылуы мен елге әкелуі қандай тауар келісімі және қандай кезеңнің мәмілесі есебінен жүзеге асырылатынына қарамастан есеп күнтізбелік кезеңде жүргізіледі. Тиісті жылдардың нақты және салыстырмалы бағасымен есептеледі. Бәсекелестікті арттыру үшін жалпы сауда саясаты болу керек, бұл – ұлттық өнеркәсіпті шетелдік бәсекелестерден қорғау, экспортты ынталандырумен диверсификациялау, елде жұмыс орындарды құру, сондай-ақ т.б. елдің дамуын жетілдіретін шараларды іске асыру жөніндегі саясатты айтамыз [2]. Қазақстан Республикасының қазіргі кездегі дамуы өзара бағыныштылық және өзара араласу процесінің күшейген кезеңінде жүріп жатыр. ҚР-ның геосаяси орны, жалпы шекарасы, басқа аймақтармен байланыс жасайтын көлік қатынасы, сондай-ақ бай табиғи ресурс қуаты өндірістік өнеркәсіпті кооперациялауға, біріккен кәсіпорындар ұйымдастыруға, агроөнеркәсіптік кешендердің қызметінің дамуына алғы шарттар жасайды. Қазақстан Сыртқы сауда айналымы көлемі 1995-2015 жж. 3-ші суреттен көруге болады. Қазақстанның сыртқы сауда айналымы жылдан жылға артқан, өйткені экспорт пен импорт көбейіп отырған. Экспорт әр қашанда импорттан көп болып отырған, бұл жақсы деп айтуға болады, өйткені бәсекеге қабілеттігі арта түскен. Бірақ та өкінішке орай экспорттың басым бөлігін шикізат, яғни мұнай ұстайды, бұл бізді мұнайға тәуелді етіп қойған.



Сурет 3. Қазақстан сыртқы сауда айналымы көлемі (1995-2015 жж.)  
млн. долл.

Қазіргі кезде Қазақстан нарықтық экономикалық ел ретінде танылған мемлекет, ол жаңа экономикалық даму кезеңіне жол ашты. Көптеген жылдар бойы қалыптасқан жоспарлы экономикадан нарықтық қатынастарға көшуі экономикада біраз қиыншылықтар тудырды.

Осы жағдайды туындатып отырған мәселелерді төмендегідей атап айтуға болады:

- өндірісте әлі де болса шикізат бағыттылығының басымдығы;
- өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымның дамымауы;
- кәсіпорындардың жалпы техникалық және технологиялық тұрғыдан артта қалушылығы;

- ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (ҒЗТҚЖ) қаржының аз бөлінуі;

- Қазақстан тауарлары мен қызметтерінің халықаралық сапалық стандартқа сай келмеуі;

- тауар өндіру мен қызмет көрсетуге кеткен шығындардың көп мөлшерде болуы [3].

Ал, елдің бәсекеқабілеттігін арттыруға: өндіріске жаңа технологияларды енгізу, жаңа мамандарды дайындау, отандық өнім өндірушілерге мемлекеттік қолдау көрсету, ғылым мен өндірісті байланыстырып инновация енгізу және қолданбалы ғылыми зерттеу жүргізіп өндіріске қосу қажеттілігі туындап отыр.

Отандық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру өте маңызды және дәл уақытында ел назарына ұсынылып отырған асқақ мақсат. Өйткені, әлемдегі барынша өрбіп, қанатын жайған жаһандану үрдісінен тыс ешбір мемлекет болмайды. Соның ішінде ашық әрі демократиялық ел – Қазақстан, одан шеткері қалмайды. Демек, дүние жүзі мемлекеттерінің ішінде алатын орнымыз осы бәсекеге қабілеттілікке байланысты. Экономиканың даму қарқынын үдетіп, оны ұзақ уақыт ұстап тұру мүмкіндігі де осы бәсекеге қабілеттілікке байланысты. Халықтың тұрмысын үзбей жақсартып отырып, әлемдегі ең жақсы әлеуметтік стандарттарға жеткізу мүмкіндігі де осыған байланысты.

Қорыта келгенде, ұлттық дамудың келешектегі басты мақсаты да, міндеті де осы бәсекеге қабілеттілік. Бұл біздер үшін баршамыз іске асыруға жұмылатын шынайы ұлттық идея.

#### Әдебиеттер:

1. [http://www.un.org/en/development/desa/policy/wesp/wesp\\_current/2013annex\\_tables.pdf](http://www.un.org/en/development/desa/policy/wesp/wesp_current/2013annex_tables.pdf).
2. Aibek Kabyldin. Қазақстан Республикасының тұрақты дамуы және «жасыл экономика»: қазіргі жағдайы және перспективалары. <http://group-global.org/kk/publication/10212-otandyk-ekonomikany-n-bsekege-kabiletiligin-arttyru-tetikteri>.
3. <http://www.bwchinese.com/article/1061454.html>.